

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 11 (524) 30 маусым 2022 жылы



## ҮЗДІК 300 ТҮЛЕККЕ ДИПЛОМ ТАБЫСТАЛДЫ

Оқу орнымызда биылғы бітіруші түлектердің құрметіне орай, «Graduation-2022» – қызыл диплом иегерлері мен белсенді студенттерге салтанатты диплом табыстау кеші өтті.

Шараға ректор Жанар Темірбекова мен ректор өкілі Женгиз Томар бастаған университет ұжымы, облыс әкімдігінің өкілдері мен құрметті қонақтар, түлектер мен ата-аналар қатысты.

Диплом табыстау рәсімінің шымылдығын ректор Жанар Темірбекова мен Женгиз Томар ашып, түлектерге ақжарма тілектерін арнады. Университет вице-ректорлары да сөз сөйлеп, барша бітірушілерге ақ жол тіледі. Бұдан соң басшылар 300 қызыл диплом иегерлері мен белсенді студенттерге алғыс хат және диплом табыстады.

### А Қ П А Р А Т Т А Р А Ғ Ы Н Ы

#### МАҢЫЗДЫ ЖИЫН

Таяуда ELSEVIER компаниясы өкілінің қатысумен Proceeding конференциясының жинағын Scopus базасында қалай индекстелуге болатындығы туралы вебинар ұйымдастырылды. Аталған компанияның кеңесшісі Кирилл Иванов конференция жинақтарының Scopus базасында индекстелу шарттары мен талаптарын баяндады. Вебинарға факультет декандары, ғылым жөніндегі декан орынбасарлары, ҒЗИ қызметкерлері және Ғылым департаменті мамандары қатысып, өз ойларын ортаға салды. 2022-2023 оқу жылында Proceeding конференциясын ұйымдастырып, конференция мақалалар жинағын Scopus базасында индекстелуі жоспарлануда.

#### ВОЛЕЙБОЛШЫ ҚИЗДАРЫМЫЗ ЕЛ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Университетімізде волейболдан жасөспірімдер (2004-2005 жылы туған қыздар) арасындағы ҚР чемпионаты және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 30 жылдығына арналған ректор кубогінің марапаттау рәсімі өтті.

Шараға ректор өкілі Женгиз Томар мен вице-ректор Асқар Тұрғанбаев қатысып, ақ тілектерін арнады. Сондай-ақ, басшылар жарыстың үздік ойыншылары мен жеңімпаздарын марапаттады.

Волейбол сайысының қорытындысына сәйкес, I орында оқу орнымыздың құрама командасы иеленді. Шымкент қаласының қыздарына II орын бұйырса, Түркістан облысы Сайрам ауданының волейболшылары III орынды місе тұтты.



Өз кезегінде студенттер де білім алған шаңырағы мен тәлім-тәрбие берген оқытушыларына алғысын айтып, қатарластарына сәттілік тіледі.

Сондай-ақ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Балажанов Өркен Байдилханұлы «Жас мемлекеттік қызметші мектебін» тәмамдаған 15 түлекке арнайы сертификат табыстады. Бұл мектепті университетіміз 2018 жылдан бері жоғарыда аталған департаментпен бірлесе отырып ұйымдастырып келеді.

Салтанатты шара соңында түлектер әуеге 300 шар ұшырып, студенттік өмір сыйлаған оқу ордасымен қоштасты.

## БАУЫРЛАС ЕЛДЕР ОМБУДСМЕНДЕРІ ОҚУ ОРДАМЫЗДА

Таяуда университетімізге Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкілдері Эльвира Әзімова мен Шереф Малкоч бастаған делегация арнайы ат басын бұрды.

Бауырлас екі ел омбудсмендері университет кампусын аралап, кітапхана мен білімгерлер үшін жасалып отырған мол мүмкіндіктерге куә болды. Кітапхана директоры Ақмеруерт Әбсеметова ханым кітапханадағы «Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығымен», «Ахмет Ясауи» оқу залымен қоса «Лингвистикалық орталықтармен» таныстыра келе, «Лебіз кітабына» ізгі тілектерін қалдыруға мүмкіндік жасады.

Сонымен қатар, қонақтар кітапханадан кейін Мәдениет орталығындағы университет макетімен, Түркі халықтарының мұражайымен танысты.

Университетіміздің ректоры Темірбекова Жанар ханым мәртебелі меймандарға оқу ордамыздың 30 жылдығы аясында қолға алынған 30 жоба жайында таныстырып өтті.

Қазақстан және Түркия Республикаларының

Адам құқықтары жөніндегі комитет пен оқу ордамыздың арасында арнайы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Алдағы уақытта университетіміз бен аталмыш комитет арасындағы тығыз байланыс аясында бірлескен жобалар жүзеге асатын болады. Университетіміз еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасында достық пен ынтымақтастықты нығайтуға күш салады деген тілекпен жиын қорытындыланды.


Айта кетейік, Эльвира Әбілқасымқызы университетіміздің құқықтану мамандығының 1995 жылғы түлегі, түлектер қауымдастығының төрағасы.

Оқу ордасынан бұрын Түркістан қаласы әкімінің қабылдауында болған Түркиялық бауырларымыз Оңтүстік өңірге алғаш келгендігін айтып өтті.

Эльвира Әбілқасымқызы университет кампусы мен кітапханадағы студенттерге жасалып жатқан мүмкіндіктерге ризашылық сезімін білдірді. Университет тарапынан қонақтарға сый-сияпат тапсырылып, естелік суретке түсті.

## ІС-ТӘЖІРИБЕ ТАҒЛЫМДАМАСЫ

# БІЗ ТӘЖІРИБЕДЕМІЗ!



## ЖУРНАЛИСТ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Журналистика қызығы мен қиындығы қатар жүретін, төзімділікті, ұқыптылықты, жан-жақты білімділікті талап ететін жауапты саланың бірі. Қоғам үшін маңызды рөл атқарады десек те артық емес. Қоғам өмірін шындықтың шырақшысы болған маман иелерінсіз елестету де қиын. Журналистика зор жауапкершілікті қажет етеді. Нақтылай атқаратын қызметін бөліп айта кетейін. Біріншіден, әлемдік, саяси жаңалықтарды халыққа жеткізеді. Екіншіден, жеткізіп қана қоймай, әрбірін жете анықтауды, саралауды, өңдеуді қажет етеді. Үшіншіден, қоғамға жеткізе отырып, көтерілген мәселеге қозғау салады.

«Журналистика – жол-жөнекей жазылатын әдебиет» демекші, мен журналистиканы тамыры кеңге жайылған сала ретінде көремін. Себебі - бұл сала түрлі бағыттарға бөлінеді. Журналистиканың бастауы ретінде ең алғаш әлемде жаңалықтар жазылған қолжазбалар пайдаланылған екен. Неміс өнертапқышы баспа машинасын ойлап тауып, журналистиканың пайда болуына ықпал етті. Алғаш журналистика термині Францияда пайда болған. Ал мәліметтерге сүйенетін болсақ, қазақ тіліне журналистика термині орыс тілі арқылы еніп, XIX ғасырдан бастап қолданысқа енген. XX ғасырда киножурналистика дүниеге келген. Ары қарай жыл өткен сайын оның түрлері де дами бастаған. Яғни, XX ғасырдан бастап радиожурналистика, 40-жылдарда тележурналистика, 90-жылдары ақпарат тарату көлемі бойынша әлдеқайда жылдам байланыс жолы - ғаламтор жүйесі пайда болды. XXI ғасыр заман талабына сай журналистика саласы әр алуан бағыттары дамып, жаңарып келеді.

Менің ойымша, қазіргі журналистердің қоғамға берер үлесі өте зор. Себебі, қоғамда орын алып жатқан қаншама

оқиғаларды қамтып, адамдардың мұң - мұқтажына үңіліп, олардың мәселесін шешуге тиісті жұмыстар атқаруда. Эфир арқылы қаншама адамдардың мәселесін талқылап жүрген бағдарламалар жетерлік. Ләйлә Сұлтанқызы «Әйел бақыты» бағдарламасының жүргізушісі. Бұл бағдарлама әйел баласының түрлі тағдыр жолындағы қиындықтарын шешуге көмек берді. Гүлмира Әбіқай және Жазира Бегалы «Даудамайсыз» бағдарламасының жүргізушілері. Бұл бағдарламада, тағдыр тауқыметіне түскен жандардың мәселесін заңды жолмен шешуге ат салысады. «Информбюро» бағдарламасының жүргізушісі Мақсат Толықбай,

«Мәселе» бағдарламасының жүргізушісі Нартай Аралбайұлы секілді тележүргізушілердің бағдарламаларын жақсы көремін. Көптеген адамдардың проблемасын шешу жолында қаншама тер төккен журналист аға-әпкелерім сияқты маман болуды мақсат етемін. Қолына қалам ұстап эфирде сөйлей алған адамның бәрі журналист емес. Ойы озық, шындыққа тура қарай білетін, мәселенің мән - жайын сараптай алатын, өзіне әрқашан сенімді адам ғана нағыз журналист бола алады деп ойлаймын. «Журналист - халық пен билікті байланыстыратын көпір» дей келе, болашақта мен де осы мамандықтың тізгінін ұстау үшін қазір ізденіс жолындамын. Мереке қарсаңында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін, бізге білім

берген оқытушы-профессорларды құттықтап, шығармашылық табыс тілеймін! Мереке құтты болсын!

**Асылай САЙРАМБАЙ,**  
1-курс студенті



## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰЛАНЫМЫН!

Иә, тәуелсіздік деген сөздің өзі-бостандық дегенді білдіретіні айтпаса да белгілі. Қазақстан - тәуелсіз, байтақ, дербес ел. Осындай елде өмір сүретініме мақтанамын. Ата-бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кең-байтақ жерімізді бізге аманат етті. Сонау қиын замандарда талай қан төгілді, жетім-жесір көбейді. Халықтың басынан қиындық арылмады. Тіпті өмір сүру қиын еді... Қаншама қиындықтан өттік. Ата-бабаларымыз бізге тәуелсіз елді қалдырды. Ары қарай оны дамыту жас ұрпақтың қолында.

Мен үшін тәуелсіз мемлекет деген – еркін өмір сүру, өз ойымды жасырмай айта алу, халыққа адал қызмет ету, білім алу.

Қазіргі тәуелсіз елде өмір сүріп жатқан балалар бақытты дер едім. Себебі қиын-қыстау заманда балаларға мектепте білім алуға жағдай жасалмаған, қуғын-сүргіннің салдарынан үйден де шықпайтын.

Ал қазіргі таңда Қазақстанды тәуелсіз ел ретінде әлем таныды. Тәуелсіздікке біз үшін аянбай еңбек еткен ата-бабаларымыздың арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік алған 30 жылда талай шындықты бағындырдық десек те болады. Тәуелсіздік – өз астанамызды жариялау, басқа мемлекеттермен одақтасу. Тәуелсіздіктің қалай келгенін ұмытуға болмайды! Қандай еңбекпен келгені, үлкен тарих беттерінде алтын әріптермен жазылып тұр.

Тәуелсіздік демекші, жақында ғана елімізде өткен референдум жайлы да айта кетейін. Референдумның негізгі мақсаты – Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Еліміздің

Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдағандай: Конституцияның 33 бабына түзетулер енгізу көзделді. Республикалық референдум туралы заң бар. Республикалық референдумда қазақстандықтарға бір ғана сұрақ қойылды:

"2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?"

Азаматтар референдумды қолдайтынын немесе қарсылығын айтып, өз дауыстарын берді.

Референдумға өз дауысымды беруге келе жатып қалта телефонымнан Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мынадай сөздерін оқыдым: «Бесінші маусымда жалпыхалықтық референдум өткізілетін болды. Конституциямыздың 33 бабына түзетулер енгізіледі. Менің мақсатым – халқыма мейлінше еркіндік беру, демократия мен заң үстемдігін күшейту. Президент ретінде ешқандай артықшылықтар мен жеңілдіктерге құмар емеспін. Мұндайды қаламаймын». Президент өзінің туған халқына барынша мол бостандық беруді мақсат еткен еді. Еліміздің ертеңі мына біз секілді жастардың қолында. Баланың қанымен, ананың жасымен келген бейбіт күннің балалары біздер бақытты ұрпақпыз. Бар күш-жігерімізді еліміздің жарқын болашағы мен гүлденуі үшін жұмсап, сол үшін аянбай еңбек етуге міндеттіміз. Ел де бізден осыны күтеді! Мен елімнің ертеңіне сенемін! Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!

**Арайлым МӘДЕН,**  
1-курс студенті

**Балзия ШЕГЕТАЙҚЫЗЫ:**

## «БІЗГЕ БІЛІМДІ ҰСТАЗДАР ДӘРІС ЖҮРГІЗДІ»

Журналистика әлеміне қадам басып, аталмыш мамандықтың алғашқы курсын да тәмәмдадық. Бізді ақпарат жазуға баулыған, журналистиканың әліппесін үйреткен ұстазымызбен аз-кем тілдескен едік. Назарларыңызға ұсынамыз!

**– Балзия Шегетайқызы, сіз естуімізше Ахмет Ясауи университетінің түлегі екенсіз. Студенттік өміріңіз жайлы айтып берсеңіз?**

– Мен жалпы өздеріңіз секілді Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің журналистика мамандығында білім алдым. 1996 жылы оқу орнының студенті атандық. 2000 жылы осы оқу орнын бітіріп шықтық.

**– Сіз қандай студент болдыңыз?**

– Мен үлгілі студент болдым деп айта аламын. Себебі сол оқып жүрген жылдары өте белсенді болдық. Сабақпен қатар қоғамдық жұмыстарға да қатыстық. Өмірге деген, жалпы өзіміздің мамандығымызға деген шексіз махаббатымыз болды. Студенттік кезіміз өте қызықты өтті. Бір бос күніміз болмайтын. Мен бір топта топбасшы болдым. Университетті қызыл дипломмен бітірдім. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан топта оқыдым. Бір-бірімізбен бауырларлай етене араласып, көмек қолымызды созуға асығатынбыз. Бізбен бітірген бірнеше курстастарымыз қазір белгілі журналистер, теле, радио арналарда, газеттерде жұмыс істейді, сайттарда еңбек етіп жүр.

**– Сіз өте алғыр студент болған екенсіз.**

– Солай деуге болады!

**– Студенттік шағыңыз қалай өтті?**

– Студенттік шағым жаңа айтқандай өте қызықты болды. Бізде бос уақыт болмайтын. Журналистердің «Нұр» деген клубы болатын. Сол клуб әр апта сайын іс-шара ұйымдастыратын. Ол университет деңгейінде кейде факультет деңгейінде немесе кафедрамызда болатын. Біздің бағымызға орай білімді ұстаздар дәріс берді. Сейдулла Садықов, Бекжігіт Сердәлі сынды ұстаздарымыз бағыт-бағдар беріп, дұрыс жол сілтеуден шаршамайтын. Іс-шараларды да қызықты етіп өткізуге күш салатын.

**– Студенттік шақтың сіздің өміріңізде алатын орны қандай?**

– Студент, жалпы бұл киелі қара шаңырақта соның ішінде осы партада отыру кез келген жас баланың арманы дейміз ғой. Әр адамның биік белестерді бағындырғысы келгенде әдемі бір мақсаттарды, ақ армандарды алға қояды ғой. Сол армандарға жету, мақсаттарды жүзеге асыру деп білемін. Студенттік күннің ерекшелігі де осында. Арманға, мақсатқа қол жеткізу. Арманға қол жеткізу арқылы өзі тандаған, өзі сүйген мамандығында еңбек ету, соның адал нанын жеу деп ұғамын.

**– Студенттік өмір деген кезде ойыңызға не келеді?**

– Студенттік өмір дегенде, ол бір жастар, бір қайнаған әдемі өмір.

**– Қазіргі таңда бір топта оқыған студенттермен хабарласып тұрасыз ба?**

– Ия араласып, жағдайымызды біліп тұрамыз. Жуырда ғана біз Шымкент қаласында бас қостық. Өте жақын араласамыз. Қазіргі кезде әлеуметтік желіде Whats App деген дүние жақсы болды ғой. Сол дүниеде біз біргеміз, әрбір қуанышымызды, әрбір идеямызды ортаға салып, сол баяғы бал күндей, сол баяғы студенттік шақтағыдай бір-бірімізбен қалжындасып, әзілдесіп, бір-бірімізді тіпті еркелетіп, әңгіме-дүкен құрамыз. Тіпті курстастармен бір кафедрада еңбек етіп жатқан жайым бар.

**– Керемет! Қазір мүмкіндік болса студенттік өмірге бір рет болсын оралар ма едіңіз?**

– Әрине оралар едім. Бір рет емес бірнеше мәрте оралар едім. Мен енді айтарым жалпы адам өміріндегі, мейлі ол қанша рет өмір сүрсін, адамның өміріндегі ең тәтті бал шағы, естеліктерге толы шағы бұл студенттік өмірі. Студенттік өмірді бастан кешіру, студенттік өмірдегі достармен қауышып бірге жүрудің

өзі адамзат үшін ең үлкен асыл бақыттардың бірі деп ойлаймын.

**– Оралғым келеді дейсіз. Қай курсқа оралатын едіңіз? Қай курс сізге жақын болды?**

– 4 курсты да оқитын едім. Түгел, бірінші курстан бастап.

**– Қазіргі таңда мұғалім ретінде жадыңызда ерекше қалған студент бар ма?**

– Қазіргі кезде мен өзім түлеп ұшқан Ахмет Ясауи университетінде қызмет етемін. Осыған дейін Тараз мемлекеттік университетінде, Еуразия университетінде де сабақ бердім. Қай жердің болмасын студенттері, барлық студент, бәрі біздің ойымызда, жүрегімізде қалады ұстаздың. Өйткені, әр студент өзінің әртүрлі қырымен танылады ғой. Біреу мықты ақын болуы мүмкін, біреу жақсы жазатын, біреу өте әсерлі, мінезі өте сүйкімді болады. Біреудің өзі сүйкімді, біреудің көзі сүйкімді деген сияқты әр студент әр түрлі қырынан біздің жүрегімізде қалады. Енді көп адам ойлайды ұстаздардың жүрегіне өшіп қалатын шығар деп өзінің шәкірттері. Бірақ еш уақытта шәкірт жүрегінен, санасынан ұстаздың кетпейді.

**– Сізде педагог болып жүрген кезде қызықты сәттер болды ма? Жетістікке жеткен студенттеріңіз жайлы айтып берсеңіз?**

– Барлық студенттер жақсы. Алмас Садырбаев деген студентім Тараз мемлекеттік университетін бітірді. Қазір Жамбыл облысы әкімінің орынбасары. Ол студент 20 жасында

республикалық «Заң» газетінің бас редакторы болды. Сонда сол кезде Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхамедтің өзі 20 жастағы жігіттің бас редактор болуы тарихи сәт екенін айтқан болатын. Ол менің студентім болған. Мен осындай студенттерді мақтан тұтамын. Арай Кенжина деген студентім Қазақстан ұлттық арнасында жүргізуші. Ол да Еуразия ұлттық университетіндегі студентім. Оның кураторы болдым. Жалпы көптеген студенттерім жетістікке жетіп, биіктерден көрінсе сырттай тілеулес болып, қуанып қаламыз ғой. Айта берсем көп. Ажар Сыпабектің қаншама кітаптары жарық көрді. Ерлан Жүнісов - белгілі ақын. Ол да менің шәкіртім. Қарап отырсам аузымды толтырып айта алатын студенттерім бар.

Мысалы Тараз мемлекеттік университетінде ұстаздық етіп жүргенімде жыл сайын журналистердің өзінің «Журшоу» деп аталатын жиыны болатын. Сол «Журшоуда» балалар өзінің әдемі бір іштегі шығармашылықтарын көрсететін. Сол кезде біз студенттермен етене араласқанымыз соншалықты өзімізді ұстаз емес студенттердің бейне бір құрдасындай болып кететін едік.

**– Балзия апай, сізбен бірге студент кезіңізге бірге барып келгендей күй кешкеніміз рас. Қазіргі студенттерге қандай кеңес айтар едіңіз?**

– Менің жалпы айтатын кеңесім, мейлі қай кезде болмасын кітап оқыңдар деймін. Өйткені кітап адам өміріндегі шынайы досы. Көкжиекті кеңейтетін де кітап. Кітап оқыңдар, оқыңдар, оқыңдар! Құранда да жазылған ол сөз. Менің айтарым білімдеріңді ашыңдар, кітап оқыңдар дер едім. Біздің мықты классиктеріміз бар. Қандай әдемі кітаптар бар. Біздің балалар соларды оқыса, Абайды таныса, Абайдың қара сөздерін жатқа білсе, әрбір ақынның кем дегенде 5-6 өлеңдерін жатқа білсе деген ой бар. Өзіміздің ұлттық құндылықтарды алтындай сақтаса деген менің ізгі ниетім бар!

**– Балзия апай, сіздің студенттік өміріңізге бір шолу жасаған маған да сізге де бір керемет әсер сыйлады!**

– Рахмет! Ақжол тілеймін!

Сұхбаттасқан: Біржан АМАНБЕК,  
1-курс студенті



## СҰХБАТ

## Студенттер беті

## АУДИТОРИЯ



Асқат СӘДІБЕКОВ:

## « ШӘКІРТТЕРІМІЗДІҢ ЖЕТІСТІГІН КӨРІП, МАРҚАЙЫП ҚАЛАМЫЗ »

Әрбір оқу орнының білімгерлерін дәріс беріп жүрген ұстаздарының студенттік кезі қызықтырары хақ. Бізге білім беріп жүрген жандардың студенттік шағын білгіміз келіп оқу ордамыздың Журналистика кафедрасының аға оқытушысы Асқат Сәдібеков ұстазымызға аз-кем сауалдар жолдап, ой бөліскен болатынбыз. Назарларыңызға ұсынамыз!

– Ұстаз, сіз неге осы журналистика мамандығын таңдадыңыз?

– Сұрағыңыз қызық екен, сіздер де біз сияқты ойлаған боларсыздар теледидарда жарқырап жүреміз, жұлдыз боламыз деп. Менің де солай арман қуып келген жайым бар. Не дегенмен бәрімізге ортақ арман осы ғой. Бірақ журналист болмасам да осы салада шәкірттерді тәрбиелеп, оқытып жатырмын. Бұл саланы таңдағаным еш өкінбеймін.

– Қай жоғары оқу орнын тәмамдадыңыз?

– Мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқыдым. Университетіміздегі журналистика факультетінің бірінші түлегі Әлия Білдебекова ұстаздарыңыз болса, екінші түлегі мен болдым.

– Ал студенттік шағыңызға келер болсақ, ардақты ұстазымыз Асқат ағай қандай студент болды екен?

– Енді жақсы студент болған шығармын. Жаман студент болсам, кафедраға алып қалмас еді. Сабақты жақсы оқыдым, үлгілі студенттердің қатарында болдым деп ойлаймын.

– Өз жұмысыңыздың жағымды және жағымсыз жақтарын айта аласыз ба?

– Өмір болғаннан кейін тек бір жағы болмайды. Ұнайтын тұстары көп ақ. Балалармен жұмыс жасаймыз, шығармашылықпен айналысамыз, студенттеріміз бен шәкірттеріміздің жетістіктерін көріп марқаямыз. Осындай керемет оқу ордасында жұмыс жасағаным қуанамын, былайша айтқан кезде білім саласында еңбек етіп жатырмыз. Ұнамайтын тұсы: жұмысы көп айлығы аз. (күліп)

– Шәкірттеріңізге қандай кеңес бересіз?

– Қазіргі таңда оқимын білім аламын деген жастарымызға

мүмкіндік өте көп және жастарымыз өте сауатты, соңғы технологияларды жетік меңгерген. Осы журналистика саласындағы жастарға тәжірибе жинауға, өз қабілетін шыңдауға мол мүмкіндіктер бар, осыны тиімді пайдалана білу керек. Тағы бір айтарым қазіргі кездегі ең маңызды нәрсе ол «Тайм-менеджмент», өз уақытыңды өзің басқара білу. Осы жағынан мықтап кіріссе деймін балаларды. Қазіргі жастар біздің менталитетіміз бен дәстүрімізге жат батыстың дәстүріне көп еліктеуде. Бұл бізге болашақта кері әсерін тигізбес үшін сақ болғанымыз дұрыс. Жастар өз уақыты мен қабілетін оқуға, үйренуге пайдаланса кейін міндетті түрде жемісін көреді.

– Алдағы оқу жылында шетелге білім алуға кетеді екенсіз, осы жайлы айтып өтсеңіз?

– Шетелде оқу кез келген жастың ойында болатын нәрсе ғой, менің де студент кезімде сондай арманым болатын. Шет тілін жетік меңгеріп, халықаралық журналист болғым келді. Арасында шетелдік бір елдерде елші болғым келді, осындай әртүрлі қиялым болды. Сүйтіп жүріп күдерді үзген едім, бірақ өткен жылы мүмкіндік туып Болашақ бағдарламасының жолдамасын ұтып алдым. Нью Йорк қаласында орналасқан Нью Йорк кино академиясына ( NYFA) өз білімімді жетілдіруге барамын.

– Бүкіл әлемге бір хабарлама жолдайтын болсаңыз ол қандай хабарлама болушы еді. Бір-екі ауыз сөзбен айтып кетсеңіз?

– Бүкіл әлемге айтарым ол табиғатты аялайық. Біздің барымыз да нарымыз да осы көркем табиғатымыз.

– Сұхбат бергеніңіз үшін рахмет. Сіздердей ұстаздарымыз барына мақтанамыз.

Әңгімелескен: Назерке ТӘЖІБАЙ  
1-курс студенті



## МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ - ӨЗ БОЛАШАҒЫҢДЫ ОЙЛАУ

Бала кезімізде үйде ата-анамыз, мектепте ұстазымыз мамандық таңдаудың маңыздылығын айтып түсіндіретін. Өсе келе, адам өмірде мамандық таңдауда қателеспей керектігін ұғындық.



Ертең сен жақсы мамандық таңдау керексің, сол үшін сабақты жақсы оқуың керек, өз қабілеттеріңді танып, оны дамыту қажет деген секілді сөздерді өз отбасы, туыстарымыздан және ұстаздарымыздан көп тыңдап өстік.

Әр баланың мамандық таңдау кезінде ата-анасы ол балаға еркіндік беруі қажет деп ойлаймын.

Сол кезде ол мамандық таңдаудан да басқасынан да қателеспейді.

Менің ойымша мамандықты әркім өз бала кезінен келе жатқан қабілеттеріне, не нәрсеге икемі болады сол бойынша таңдау керек.

Оқитын қалаға, оқу орынына байланыстырып таңдау қате түсінік деп ойлаймын.

Мен бала кездегі әдебиетке, қазақ тіліне қызығушылығым арқылы журналист мамандығына келдім.

Журналистиканы өз болашағым деп көрдім, қарастырдым.

Себебі бұл мамандық менің табысыма, болашақтағы жоспарыма, өзім жасағым келетін жұмыстарыма бәріне сай келеді. Бар күш жігерімді салып, белгілі журналист болуды мақсат етемін. Сол арманға жету жолында көп еңбектенуім керектігін жақсы білемін.

Таңдаған мамандығым арқылы жақсы қырларымнан көрініп, еліміздегі белгілі журналистердің бірі болғым келеді.

Назым САУЫРБАЕВА,  
1-курс студенті

## УНИВЕРСИТЕТ - МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Әрбір бітіруші түлек жоғарғы оқу орнында студенттік шақты сезінгісі келетіні анық. Мектептен кейінгі жаңа қадамдар бала бойына жауапкершілік пен сенімділікті арттыра түседі. Кейбірі ата-анасынан жырақта өз бетінше өмір сүруге бейімделеді. Жаңа орта, жаңа мүмкіндіктер. Мектеп шағында ұяң, адамдармен тіл табысуы қиындау оқушы университет қабырғасында 4 жыл ішінде өзге адам болып шығуы ғажап емес. Себебі, мұндағы атмосфера бөлек. Сабақтан қалмай, үздік әрі белсенді болу да өз қолымызда. Мектеп қабырғасында жиналған білім мен тәжірибе университетте шындала түседі. Көптеген адамдармен араласып, білім алмасу барысында өмірге деген көзқарас та өзгереді. Білімді ұстаздардан

сабақ ала келе, бірте-бірте ұясынан енді ұшып бара жатқан балапан секілді тәуекел жасаудан қорқатын емес, ақ пен қараны ажырата алатын деңгейге жетеді. Қатты



қалайтын, бірақ орындалмастай көрінетін арманыңа қол жеткіздіретін үлкен себепші университет дер едім. Себебі, сабақтан бөлек қосымша өзіңнің сүйікті ісіңмен айналысу ол белгілі бір уақытта шынайы пайдаға асары анық. Хобби, қызығушылық, білім, коммуникация, өмірлік тәжірибе барлығы қатар жүретін орын ол - университет. Мұндағы айналаң балалықты артта қалдырып, болашағын ойлайтын адамдар. Университетке келген сәттен бастап барлығы солардың қатарында болары анық. Жан-жақты ойлау қабілеті артып, барынша қоғам өмірінде белсенді жан болып қалыптасу үдерісі жоғарылайды. Университет қабырғасы әр студентке ерекше уақыт сыйлайтын мекен. Оны кез келген адам баласы бастан кешіруі керек деп ойлаймын. Ал біздің университет сол уақыттардың жоғары деңгейде өтуінің анық кепілі.

Гүлдана ЖҰМАХМЕТОВА,  
1-курс студенті



## ӘРІШТЕСТІҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ

28-МАУСЫМ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ

# ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ САҚТАЛАДЫ

28- маусым бұқаралық ақпарат құралдарының мерекесі қарсаңында Түркістан өңірінде журналистика саласында ойып орын алатын журналист Балтабай Нұржанов жайында мақала жазуды жөн көрдім. Талай жасқа жазу-сызуды үйреткен, бағыт-бағдар беріп жол сілтеген асыл ағамыздан тәжірибе алып, журналистика саласына қадам басқан жандар көп-ақ. Бұл күндері өзі өмірден өтсе де, жүрген ізі мен салған жолы сайрап жатыр. Бейне бір тарих дерсің.

Киелі Түркістан өңірінің тумасы, өр тұлға, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Түркістан қаласының құрметті азаматы - Балтабай Қаратайұлы Нұржанов 1954 жылы 1 тамызда Түркістан қаласына қарасты Шаға ауылында дүниеге келген. Біз мақтанышпен үлгі ете алатын Балтабай атамның ерен еңбектерін, есте қалар атамның дәріптеу, оны болашақ ұрпаққа үлгі етіп көрсете білу- болашақ журналистердің міндеті мен борышы деп айсақ та болады. Балтабай Қаратайұлы қазақ мектебі болмаған соң, 6-сыныпқа дейін өзбек мектебінде білім алған. Алайда, қаны мен жаны қазақ болып туылған ол өз тілінен сырт айналып кете алмай, 6-сыныптан бастап қазақ мектебіне ауысты. Бала кезінен дарындылығымен көзге түсіп, 5-6 сыныпта «Түркістан» газетінде алғашқы мақалалары жарық көре бастайды. Үлкен кісілердің еңбектеріне сырттай баға беріп, тіпті, мақта алқабында еңбек етіп жүрген кісілерді көрген Балтабай ата - өзінің бойындағы қабілеті арқылы журналистик бастамасын бастаған. Қатарластары мектеп бітіріп, үлкен өмір жолын оқу орнында өткізсе, ол кісі- «Түркістан» газетінде, «Коммунистік еңбекте» қиындығы мен қызығы мол күндерін өткізді. Осылайша өзінің еңбек жолында үлкен тәжірибелер жинақтады. Сонымен қатар, корректорлық пен тілшілік қызметті қатар ала жүріп, асқақ арманының шыңдарын бағындыра білді. Еңбекқор, елгезек жігіттің талабы мен белсенділігін байқаған басшылық оны «бөлім меңгерушісі» қызметіне тағайындайды. Бұл

қызметтің де талай шыңдарын бағындырып, тақырыбы тың таңдаулы мәселелерді көтере білді. Өз еңбек жолында үлкен жетістіктерге жетіп жауапты сатылардың бірі - редактордың бірінші орынбасары да болып көрді. Білімін шыңдап, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түсіп, жоғарғы оқу орнын ойдағыдай аяқтап шықты. Артына өшпес із қалдырған дарынды журналист тың деректерді, шынайы көзқарасты дәлелмен, дәлдікпен деп тигізе айта отырып, ащы шындықтың айнытпас айнасы ретінде бірқатар еңбектерін жариялаған. Ол кісі «Түрленген түркі елінің киелі ордасына айналған- Түркістанды қалай түлетсем екен?» - деген оймен талай күн мен түнді өз еңбектеріне арнаған. Жеңістің 60 жылдығына орай жасалған «Түркістан газеті» мен «Ерлікке тағзым» газеттеріне 75 жылдығына тарту ретінде «Тоғысқан тағдырлар» кітабын 2004 жылы



соғыс кезінің қандай қиындық тудырғанын және соғыс ардагерлерінің ерен еңбектерін, батырлығы мен батылдығын жеткізе білді. Бірнеше жыл бұрын дінге жақын 1994 жылы Әбубәкір қары туралы айтылған «Әбубәкір қары айтыпты» атты үлкен кітабын жарыққа шығарған. Кітаппен қатар, тарихи жәдігерлерімізді де зерделей келе, тарихи музейді де ашады. Тарихи музейдің ашылу құрметіне орай, Дариға Назарбаева арнайы Балтабай Қаратайұлы Нұржановтың қолын алуға келеді.

Ол осындай бойындағы тез шешім қабылдай білетін ұшқыр ойы арқылы, өте білімді, сауатты қазақ журналистерінің бірі болған. «Қазақстанның құрметті журналисті» атағын Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев табыс етіп, төсбелгімен марапаттаған. Осындай биік тұлғасымен ел есінде қалған журналист екі рет медиа форумға қатысып, он төрт облыстың ішіндегі ең абыройлы, сыйлы, қадірлі тұлға болған. Тағдыр қосқан жұбайы - Балтагүл Оспановамен аталмыш оқу орнында танысып, тіл табысып, шаңырақ көтерген. Балтагүл апамыз- Балтабай атамның бойынан ер мінезділік пен салмақтылықты, ұстамдылықты, бір сөзділікті ұнатқан. Атамның балаларына өте қамқор, жарына адал болып, оның қадірін түсініп, сыйластықпен қарайтын. Екеуіне ортақ үш қызы, бір ұлы дүниеге келген. Үлкен қызы- Айсұлу Сүлеймен Демирель атындағы жоғарғы оқу орнында еңбек етіп, ғылым кандидаты, доцент болған. Екінші қызы- Майра төрт баланың анасы, аталған оқу орнында докторантураны биыл бітірген. Үшінші ұлы- Бақберген қазіргі таңда жоғары білімді азамат ретінде «КазАгроФинанс» банк қызметкері, бөлім меңгерушісі. Кенжесі- Ақбота да жоғарғы оқу орнын бітіріп, еңбек жолын медициналық колледжде жалғастыруда. Осылай өмірде өз жолын тапқан төрт баласы да әкесіне тартқан білімді болып өсті. Қазіргі таңда марқұм Балтабай Қаратайұлы Нұржановтың 16 немересі бар. Елге сыйлы, абыройы асқақ, отбасына қамқор тұлғамыз- Балтабай Қаратайұлы Нұржанов 60-тың шыңына жетпей, 59 жасында 2013 жылы дүниеден өтті. Ол кісі- ел есінде қалған ерен еңбектерімен өшпес із қалдырған нар тұлғаларымыздың бірі болды. Барша адамда бола бермейтін көркем мінезімен, ала жіпті аттап өтпейтін адалдығымен, әр адамға сыйлы болған кішіпейілділігімен көптің көңілінен шыға білді. Қорыта келе, бұл кісінің білімі мен біліктілігін, іскерлігі мен еңбекқорлығын, төзімділігі мен сабырлылығын дәріптей отырып, болашақ пен бүгінгі ұрпаққа үлгі ету мақсатында- біз қажетті білімді алып, биік белестер мен үлкен жетістіктерге жетуде осы кісіні үлгі ететін боламыз.

Арайлым МҰРАТБЕК,  
1-курс студенті



сыйға тартты. Осынау еңбегінен Түркістанға арнаған көптеген бөлімдерін көруге болады. Мәселен, атап айтсақ, «Сағыныш екен бала кез», «Қара шаңыраққа қадам басқан күн», «Естен кетпес есімдер», «Кеудеміз толы арман еді», «Жоғалған газет» сынды тың ақпаратқа толы еңбектер. «Сағыныш екен бала кез» атты бөлімінде өзінің балалық шағы туралы сөз етеді. Сонымен қатар, Жеңістің 55 жылдығы қарсаңында 2000 жылы жарық көрген - «Баһадурлар» атты кітабының бір төбе екендігін атап өте аламыз. Сұрапыл соғыстың сұм көрінісін кітап бетіне түсірген тұлғамыз -

## ТАУЛАР АЛЫСТАҒАН САЙЫН БИІКТЕЙ ТҮСЕДІ

Жас кезінен қолына қалам алып, жазуға ынталы болған Балтабай аға мектепте оқып жүргенде газетке мақалалар жазып жүрген. Жазғандарының басым бөлігін «Түркістан» газетіне басылған. Осылайша бала кезден бастап Балтекең мен «Түркістан» газетінің арасында байланыс орнады. Балтабайды қаламынан таныған газеттің сол кездегі редакторы Тұрабай Мырзахметов қызметке шақырады. Осылайша алғашқы қызметін корректор болып бастап, уақыт өте қаламы ұшталып, шығармашылығы шыңдалып, тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың бірінші орынбасары, редактор қызметіне дейін көтеріледі. Балтекеңнің мінезі салмақты. Әрбір сөзін ақыл таразысындағы сүзгіден өткізіп барып айтатын, ойы орамды азамат еді. Асыл ағам менің көз алдымда осы кейпінде сақталып калды. Бүгінде «Түркістан» газетін Балтабай Нұржанов арқылы танитын

түркістандықтар сыпайы, бауырмал, біртуар тұлғаны тек жақсы қасиеттерімен еске алады. Заманның қиын-қыстау сәттерін бірге көрген, үзеңгілес достары ағамызды бүгінде сағынышпен еске алады. Әдемі естеліктерді есімізге алғанда, жанымызда жүргендей сезінеміз. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген қанатты сөз Балтекеңе арналып айтылғандай. Қызметте әріптес ретінде сыйласып, өмірде бір атаның баласындай араласқан абзал ағамыздың бейнесі мәңгілік жадымызда тұрады.

Дулат ӘБІШ,  
Қазақстан Журналистика  
академиясының  
академигі



## TBMM KAMU DENETÇİLİĞİ KURUMU KAMU BAŞDENETÇİSİ ŞEREF MALKOÇ ÜNİVERSİTEMİZİ ZİYARET ETTİ

Türkiye Büyük Millet Meclisi Kamu Denetçiliği Kurumu Kamu Başdenetçisi (Ombudsman) Şeref Malkoç ve beraberindeki heyet, 21 Haziran 2022 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesini ziyaret etti.

Sayın Malkoç, Üniversitemiz Rektörü Dr. Zhanar Temirbekova ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ile bir araya gelerek, Ahmet Yesevi Üniversitesinin bilimsel-kurumsal faaliyetleri ve merkez kampüsümüzün olanakları hakkında bilgi aldı.



## AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ İLE MARMARA ÜNİVERSİTESİ ARASINDA EĞİTİM VE KÜLTÜR ALANLARINDA İŞ BİRLİĞİ ANLAŞMASI İMZALANDI

Ahmet Yesevi Üniversitesi ile Marmara Üniversitesi arasında karşılıklı iş birliği kurmak ve öğretim elemanı değişimi, bölüm ve araştırma enstitüleri faaliyetleri, öğrenci değişim programları ile akademik alanda ortak çalışmalar sağlamak amacıyla 24 Haziran 2022 tarihinde bir mutabakat anlaşması imzalandı.



İmza protokolünde Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Zhanar Temirbekova, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Marmara Üniversitesi Rektör Yardımcıları Prof. Dr. Mustafa Çelen ve Prof. Dr. Hasan Korkut, Marmara Üniversitesi Uluslararası İlişkiler Ofisi Genel Koordinatörü Prof. Dr. Nuri Tınaz ile Marmara Üniversitesi Genel Sekreteri Dr. Murat Arısal bir araya geldi.

## AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ İLE İSTANBUL AREL ÜNİVERSİTESİ ARASINDA İŞ BİRLİĞİ ANLAŞMASI İMZALANDI

Ahmet Yesevi Üniversitesi ile İstanbul Arel Üniversitesi arasında 24 Haziran 2022 tarihinde "Uluslararası Eğitim İş Birliğinde Mutabakat" anlaşması imzalandı.

İki üniversite arasında öğretim elemanı ve öğrenci değişimi, ortak araştırma faaliyetleri ve akademik programlar başta olmak üzere eğitim ve kültür alanında çeşitli iş birliklerini kapsayan anlaşmanın imza safhasında Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Zhanar Temirbekova, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ve İstanbul Arel Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Özgür Gözükara bir araya geldi.



## MILLİ EĞİTİM BAKANLIĞI DİN ÖĞRETİMİ GENEL MÜDÜRLÜĞÜ İLE AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ ARASINDA İŞ BİRLİĞİ PROTOKOLÜ İMZALANDI



29 Haziran 2022 tarihinde Milli Eğitim Bakanlığı Din Öğretimi Genel Müdürlüğü ile Ahmet Yesevi Üniversitesi Arasında İş Birliği Protokolü imzalandı.

Eğitim ve Öğretime İlişkin protokolü Ahmet Yesevi Üniversitesi adına Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK ve Milli Eğitim Bakanlığı Din Öğretimi Genel Müdürlüğü adına Din Öğretimi Genel Müdürü Mehmet Nezir GÜL imzaladı.

## СОҢҒЫ БЕТ

## ҰБТ - СЫНАҚ ПЕН САБЫР АЛАҢЫ

Мектеп бітіруші түлектер бір үміт, бір қорқыныспен үлкен өмірге аяқ басты. Мектеп қабырғасындағы жайбарақаттық жайына қалып, ҰБТ алынбас қамалдай әрбір жасты қобалжытып тұрғаны анық. Мен де былтыр дәл осы уақытта осы сезімді бастан кешкен болатынымын. Уайымдау, қорқу адамзатқа тән қасиет десек те есіңізде сақтаңыз ұлттық бірыңғай тестілеумен өмір өлшенбейді. ҰБТ ол тек сізге арналған кішкентай ғана сынақ. Сондықтан, сіз түсіну керек. Дүние ҰБТ -мен өмір тоқтамайды, керісінше сол сәттен басталады. Аз балл жинасаңыз да, жоғары балл жинасаңыз да ең бастысы сіз жоғары оқу орнында білім ала аласыз. Бұл өмірде барлығы мүмкін. Грант иегері болсаңыз да сабақ үлгеріміңіз төмен болса, емтиханнан шығарылуыңызда мүмкін. Не болмаса ақылы оқып, грант жеңіп алуыңыз да мүмкін.

ҰБТ жайлы өз оқиғамды сіздерге баяндап берсем. Мектепті 9-сыныптан бітіріп, отбасымның қалауымен колледжге түстім. Онда үш жыл білім алдым, ешқандай ҰБТ-ға дайындалмадым, тапсырам деп те ойламадым. Менің бар ойым, арманым Түркия елінде білім алу болатын. ҰБТ-ның орнына Түркияда оқуға дайындалып, құжаттарымды тапсырдым. Кешікпей жауабы да келді. Жауабына қарап, ҰБТ тапсыру керек екенін түсіндім. Мен түсінген уақытта ҰБТ-ның аяқталуына небәрі екі күн ғана қалған еді. Сол күні уақыт жібермей тапсыруға өтініш бердім де, дайындалып үлгермейтінімді түсініп, жөй ғана демалуды жөн көрдім. Тапсыратын уақыт келді, тапсы-


рып 115 балл жинап шықтым. Бірақ ол көрсеткіш менің таңдаған мамандығымда грантта оқуға жеткіліксіз болатын. Алайда менде үміт үзілмеді, мүмкіндіктер қарастыра бастадым. Ол мүмкіндікті мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінен таптым. Ол оқу орнында жыл сайын Түркия тарапынан 300 грант бөлінеді. Шығармашылық емтихан тапсырып, тегін оқу мүмкіндігіне ие болдым. Ең қызығы 2,3 курста Түркия елінде

1 семестрге білім алма-сып оқуға болады екен. Яғни, менің түпкі арманым орындалмақ.

Түйін, мен үшін ҰБТ-дан жеткіліксіз балл жинап, бір есік жабылғанымен, қайта екінші есік ашылды. Бастысы үмітті үзбеу керек.

Жоғары балл жинасаңыз өте жақсы. Аз балл жинап қалсаңыз ҰБТ-дағы балым өзім үшін деңіз де, айналадағы сізге теріс пірін білдіріп жатқан өзге адамдарды ұмытыңыз. Сіз олардың көңіліне қарауға, есеп беруге міндетті емессіз. Адам өмірде тек өзі үшін күресіп, өзі үшін өмір сүреді. Соны түсіне біл, жас талапкер!


**Аяулым ТОҚТАСЫН**  
1-курс студенті



## ТҮРКІСТАНЫМ - ҚҰТ МЕКЕНІМ!

Түркістан қаласы – Қазақстанның көп ғасырлық тарихы бар ең ежелгі қалаларының бірі. Ұлы Жібек жолындағы ежелгі керуен бағдарында қолайлы географиялық орналасуы, сондай-ақ діндар адамдардың ұлы суфизм ақыны және уағызшы Қожа Ахмет Ясауидің кесенесіне зиярат етуге баруы оның дамуы мен қызу сауда-саттыққа септігін тигізді. Түркістан қаласы Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азия өңірінің тарихи, мәдени, рухани және туристік өмірінде маңызды рөл атқарады. Түркістанның өсіп-өркендеуі тек Қазақстанның мәртебесін көтеріп, әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін биіктетіп қана қоймай, күллі түркі дүниесінің абыройын асырады анық.

Облыс орталығы киелі қалаға көшкен соң Елбасы баяғы баба-



лар үлгісімен «Көне Түркістан жаңа Қазақстанның шырайлы шаһарына айналады» деген сөздерді тасқа қашап жаздырып еді. Сол көреген болжамның қазірдің өзінде жүзеге асып, ақиқатқа айнала бастағанына барша халық куә.

Қаншама ғасырлардың тереңінен тамыр тартқан Түркістан әрбір атқан күннен үміт күтіп, әр таңды жаңа жоспарлармен қарсы алады. Оның келешегі кемел, ертеңі еңселі болатынына біз кәміл сенеміз, өйткені қастерлі қаланы жарқын болашаққа бастаған бүгінгі ұланғайыр өзгерістердің басында Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі тұр.

**Абылай ТУ-БЕГІ,**  
1-курс

**Ясауи университеті**

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа орталығы:

журналист

Эльмира АРТЫҚБАЕВА  
elmira\_artykbaeva@mail.ru

Фото маманы:  
Н.Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru